

ӘОЖ 373.1.02:372.8; МҒТАР 14.25.09
<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.64>**Н.К. ЖИЛИСБАЕВ¹**, **Ж.М. ЕСИРКЕПОВ²**, **Б.И. КУРМАНБАЕВ³**¹Халықаралық туризм және меймандостық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: n.zhilisbaev@iuth.edu.kz²педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: Zhandos-1978@mail.ru³техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
аға оқытушысы (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: bulat1978kz@mail.ru

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРДЫ ТИІМДІ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қызылорда және Түркістан облыстарының шағын жинақты мектептерінде дене шынықтыру сабағын өткізу сапасына талдау жүргізіліп, аталған мектептерде дене тәрбиесі қызметін жетілдіру мен туындаған мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

Дене шынықтыру мұғалімі үшін негізгі көрсеткіш сабақтарды сапалы өткізу және оқушылардың денсаулығын нығайту болып табылады. Біз зерттеу жүргізген шағын жинақты мектептердің дене шынықтыру мұғалімдері ЖОО-да сырттай бөлімде оқығандықтан, дене шынықтыру сабақтарын өткізудің арнайы әдістерін меңгермеген. Біз мұны сауалнама жүргізу арқылы анықтадық.

Сонымен қатар, шағын жинақты мектептердегі дене шынықтыру мұғалімдерінде күнделікті кездесетін мәселелерді анықтап, 36 сағаттық арнайы біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Курс барысында сабақты жоғары кәсіби деңгейде өткізуге және сабақты өткізудің жаппай жасау, кезектесіп жасау, ауыспалы, топтық және жеке әдістерін қолдана отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру жолдары үйретілді.

Эксперимент Қызылорда және Түркістан облыстарының шағын жинақты мектептерінде жүргізілді. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – шағын жинақты мектептердің ерекшеліктері мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктеріне талдау жасалып, бастауыш сыныпта өткізілетін ұлттық қозғалыс ойындарын іріктеп, жүйелеп, біріктірілген сыныптарда сабақ өткізудің әртүрлі нұсқалары мен әдістемесін ұсыну.

Эксперимент барысында ұлттық қозғалыс ойындарды қатысушылардың жас ерекшеліктеріне, дене дамуына қарай іріктеу оқушылардың қимыл дағдыларының қалыптасып, дене бітімінің, дене эзрлігінің, дене жетілуінің дамуына да пайдасын тигізетінін анықтадық.

Зерттеу соңында эксперимент және бақылау топтарынан бақылау нормативтері алынып, нәтижесінде эксперимент тобында барлық көрсеткіштер бойынша жоғары деңгей көрсетті. Біз ұсынған әдістемені дене шынықтыру мұғалімдері күнделікті сабақта әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалануына болады.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жилисбаев Н.К., Есиркепов Ж.М., Курманбаев Б.И. Шағын жинақты мектептерде ұлттық қозғалыс ойындарды тиімді өткізу әдістемесі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 307–320. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.64>

***Cite us correctly:**

Jilisbaev N.K., Esirkeпов J.M., Kurmanbaev B.I. Shagyn jinaqty mektepтерде ulttyq qozgalys ойындарды tiimdi otkizu adistemesi [Training Methods for Effective Conduct of National Mobile Games in Small Schools] // *Iasauі universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – B. 307–320. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.64>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.12.2023 / қабылданған күні 30.04.2024

Кілт сөздер: шағын жинақты мектеп, дене шынықтыру, қозғалыс ойындар, әдістеме, дене жаттығулары, нормативтер.

Н.К. Zhilisbayev¹, Zh.M. Yessirkepov², B.I. Kurmanbayev³

¹Senior Lecturer of the International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: n.zhilisbaev@iuth.edu.kz

²Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the International University of
Tourism and Hospitality (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: Zhandos-1978@mail.ru

³Candidate of Technical Sciences, Senior Lecturer of the International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: bulat1978kz@mail.ru

Training Methods for Effective Conduct of National Mobile Games in Small Schools

Abstract. This article analyzed the quality of physical education in small schools in Kyzylorda and Turkestan regions, considered ways to solve emerging problems and improve physical education in these schools.

The main indicator for physical education teachers is the quality of classes and the promotion of student health. The physical education teachers of the small schools in which we conducted the study did not study a special methodology for conducting physical education lessons, as they studied at the university at the correspondence department. This was determined by conducting a survey.

In addition, in order to identify problems in small schools that physical education teachers face every day, a 36-hour special refresher course was organized. During the course, they taught the lesson to conduct at a high professional level and increase the interest of students in the lesson using frontal, circular, flow, group and individual methods of conducting lessons.

The experiment was carried out in small schools in the Kyzylorda and Turkestan regions. The main goal of the research work is to analyze the features of small schools and the professional qualifications of physical education teachers, select and systematize national moving games held in primary classes, various options and methods for conducting classes in integrated classes were proposed.

In the course of the experiment, we found out that the correct choice of national moving games and their qualified conduct can not only increase the quality, load, and density of the lesson for physical education teachers, but also benefit from solving many pedagogical problems, forming the motor skills of primary school students, developing physical fitness, preparedness and maturity.

At the end of the study, control standards were obtained from the experimental and control groups, as a result of which the experimental groups showed a high level in all indicators. The proposed method can be used by teachers of physical education as a methodological indication at a daily lesson.

Keywords: Small school, physical education, motor games, methodology, physical exercises, standards.

Н.К. Жилисбаев¹, Ж.М. Есиркепов², Б.И. Курманбаев³

¹старший преподаватель Международного университета туризма и гостеприимства (Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: n.zhilisbaev@iuth.edu.kz

²кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Международного университета туризма и гостеприимства (Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: Zhandos-1978@mail.ru

³кандидат технических наук, старший преподаватель Международного университета туризма и гостеприимства (Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: bulat1978kz@mail.ru

Методика обучения эффективному проведению национальных подвижных игр в малокомплектных школах

Аннотация. В данной статье проведен анализ качества проведения урока физкультуры в малокомплектных школах Кызылординской и Туркестанской областях, рассмотрены пути решения возникающих проблем и совершенствования физкультурной деятельности в данных школах.

Основным показателем для учителей физической культуры является качественное проведение занятий и укрепление здоровья учащихся. Учителя физической культуры малокомплектных школ, в которых мы проводили исследование, не изучали специальную методику проведения уроков физической культуры, так как обучались в ВУЗе на заочном отделении. Это определили проведя анкетирование.

Кроме того, с целью выявления проблем в малокомплектных школах с которыми ежедневно сталкиваются учителя физической культуры, был организован 36-часовой специальный курс повышения квалификации. В ходе курса обучили проведению урока на высоком профессиональном уровне и повышению интереса учащихся к уроку, используя фронтальные, круговые, поточные, групповые и индивидуальные методы проведения уроков.

Эксперимент проводился в малокомплектных школах Кызылординской и Туркестанской областей. Основная цель исследовательской работы - проанализировать особенности малокомплектных школ и профессиональную квалификацию учителей физической культуры, отобрать и систематизировать национальные подвижные игры проводимые в начальных классах, были предложены различные варианты и методика проведения занятий в интегрированных классах.

В ходе эксперимента мы выяснили, что правильный выбор национальных подвижных игр и их квалифицированное проведение может не только повысить качество, нагрузку, и плотность урока для учителей физической культуры, но и принести пользу решению многих педагогических задач, формированию двигательных навыков учащихся начальных классов, развитию физической формы, подготовленности и зрелости.

В конце исследования из экспериментальных и контрольных групп были получены контрольные нормативы, в результате чего экспериментальные группы показали высокий уровень по всем показателям. Предложенная нами методика может использоваться учителями физической культуры в качестве методического указания на ежедневном занятии.

Ключевые слова: малокомплектная школа, физическая культура, двигательные игры, методика, физические упражнения, нормативы.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2022 жылы 26 қарашада Астанада өткен ұлықтау рәсімінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұратынын мәлімдеп, Үкіметке ауылды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдауды тапсырды [1].

Үкімет Президенттің тапсырмасын орындау бағытында ауылды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Осы тұжырымдама негізінде ауыл спортына көңіл бөлініп, ауылдық жерлерде спорт кешендері мен алаңдарын көбейту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 02.12.2023 ж. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Ауыл алаңынан – Олимпиада тұғырына» атты ауыл спорт нұсқаушыларының І республикалық конференциясында «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау» орталығының директоры Қ.Рысбек қазіргі таңда республика бойынша ауылдық жерлерде еңбек етіп жүрген 3065 спорт нұсқаушының 1708-інде жоғары, 629-ында арнаулы орта білім бар. Ал, 700-дей спорт нұсқаушысында арнайы мамандық дипломы жоқ екендігін атап өтті [2, 10-б.]. Бұл мәселе біз зерттеу жүргізген шағын жинақты мектептерде де кездеседі. Атап айтсақ: Қызылорда облысының 11 шағын жинақты ауыл мектебіндегі 24 дене шынықтыру мұғалімнің 7

мұғалімі, ал Түркістан облысының 138 шағын жинақты мектебіндегі 248 дене шынықтыру мұғалімінің 53 дене мұғалімі жоғары оқу орнын қашықтан бітірген екінші мамандық иелері.

Еліміздің болашағы мектептегі білім сапасына, оқушылардың денсаулығына тікелей байланысты екендігін ескерсек, дені сау, жан-жақты дамыған, білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуде ауыл мектебінің алатын орны өте үлкен [3, 162-б.]. Мемлекет басшысының бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарында ену бағытындағы стратегиялық жоспарын іске асыру үшін жалпы білім беретін мектептің қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезінуіміз қажет. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары экономиканы оңтайландыру бағытында жүргізілген реформалардың әсерінен ауылдық жердегі өндірістің тоқырауы, жаппай жекешелендіру салдарынан жұмыссыздықтың орын алуы, мал шаруашылығының жойылып, еңбек көздерінің азаюы салдарынан халықтың, әсіресе жастардың үлкен қалаларға қоныс аударып, баланың дүниеге келуінің азаюы елдегі көптеген мектептердің шағын жинақты мектептер қатарына қосылуына себеп болды.

Бүгінде шағын жинақты мектептерді мұғаліммен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек елімізде 350 мыңнан аса мұғалім жұмыс жасаса, салыстырмалы түрде 3000-нан астам мұғалім жетіспейді. Мұғалімдердің жетіспеушілігі көбінесе ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептерде байқалады [4, 158-б.].

Қазіргі кезде республиканың мектептерінде жұмыс жасайтын басқа саланың мамандары бірнеше жылдан бері мұғалім болып сабақ беріп қалғандықтан, оларды орнынан қозғау мәселесі, олардың орнына арнайы мамандарды тарту жұмыстары республиканың кейбір мектептерінде жүргізілмей келеді. 2014 жылы қабылданған «Дене шынықтыру және спорт» туралы Заңда «Мектептерде дене шынықтыру сабағын тек арнаулы білімі бар маман жүргізуге тиіс», - деп көрсетілген [5]. Сондықтан осы жұмыстың нәтижесінде шағын жинақты ауыл мектептеріндегі базалық білімі сәйкес келмейтін дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақта ұлттық қозғалыс ойындарын сапалы өткізуге әдістемелік көмек көрсету мақсаты көзделеді.

Аталған ауыл мектептеріндегі дене шынықтыру пәнінің жүргізілу сапасы сын көтермейді. Дене шынықтыру мұғалімдері арнаулы орта және жоғары білімді болғанымен, оқу орнын сырттай аяқтаған немесе басқа саланың мамандары. Олардың дене тәрбиесінің жалпы және арнайы әдістерін, сабақтың тығыздығы мен жүктемесін анықтау әдістерін меңгермегендігін, мектептің материалдық базасының мүмкіндігін ескеріп, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты дене сапаларын дамытатын ұлттық қозғалыс ойындарын өткізу, сабақты сыныптарды біріктіріп өткізу кезінде қолданатын әдіс түрлерін игермегенін анықтадық.

Осы мақалада шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру пәнін сапалы өткізуге бақытталған нақты ұсыныстар, туындаған мәселелерді шешу жолдары, сабақ өткізу нұсқалары мен әдістерін тиімді қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулар жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Арнайы және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, интернет желісінің материалдарын теориялық талдау және жалпылау; бақылау, салыстыру, математикалық талдау әдістері қолданылды. Қордаланған мәселелерді шешу, оқушылардың дене шынықтыру пәніне ынта-ықыласын оятып, қызығушылығын арттыру, дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында аталған шағын жинақты мектептердің дене шынықтыру мұғалімдеріне Халықаралық туризм және меймандостық университетінің базасында «Шағын жинақты мектепте дене шынықтыру пәнін сапалы өткізу әдістемесі» тақырыбында 36 сағаттық біліктілік арттыру курсы ұйымдастырдық. Курсқа Қызылорда және Түркістан облысының ШЖМ-нен

13 дене шынықтыру мұғалімі қатысып, біліктіліктерін жетілдірді. Оларға курстан өткендігі жөнінде арнайы сертификат берілді. Курс барысында жоғарыда аталған мәселелердің оң шешілуіне бағытталған тақырыптар таңдап алынып, ғылыми дәрежесі бар ғалымдар дәріс жүргізді. Курс соңында курсқа қатысушылар өтілген тақырыптарды қаншалықты деңгейде меңгергендігін анықтау мақсатында тест тапсырды. Сонымен қатар, курсқа қатысушылардан мектепте дене шынықтыру пәнін сапалы жүргізуге және оқушыларының дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылығын арттыруға бағытталған сауалнама жүргізілді. Мәселенің өзектілігі ескеріліп, Халықаралық туризм және меймандостық және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттерінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарына элективті пәндер каталогына 3 кредит «Шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру сабағын өткізу әдістемесі» атты курс енгізілді. Бұл курсты оқу барысында білім алушылар ШЖМ-де дене шынықтыру пәнін жүргізудің арнайы әдістерін, ойын ережелері мен нұсқаларын меңгеріп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дене сапаларын дамытуға бағытталған ойындарды таңдауды, сабақ тығыздығы мен жүктемесін реттеуді, мектептің ерекшеліктеріне сәйкес ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ жасау әдістемелерін игереді.


Талдау мен нәтижелер

Ғылыми-әдістемелік оқулықтарды, мақалаларды, әдебиеттерді талдау, сауалнама өткізу, алынған мәліметтерді статистикалық талдау, тест қабылдау. Шағын жинақты мектептер толық мектептерден бірқатар артықшылықтарға ие: мұғалімдердің әр оқушының жеке ерекшеліктері мен өмір сүру жағдайларын терең білуі, отбасымен бірлесіп жұмыс істеудің үлкен мүмкіндіктері, іс жүзінде бес, алты оқушысы бар сыныптарда жеке оқыту және т.б. Бұл артықшылықтар дене шынықтыру пәнін жүргізу барысында кері әсерін тигізеді. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептер туралы құқықтық-нормативті құжаттарында белгіленетін шараларды толық атқаруға міндетті деп көрсетілген. Сондықтан дене шынықтыру пәнін толыққанды өткізу қажет.


Шағын жинақты мектептердің негізгі құрылымдық компоненті – бір ғана педагог басқаратын сынып-жинақ. Жинақталған сыныптардың санына сәйкес мектеп бір, екі, үш не одан да көп жинақты мектеп болуы мүмкін. Жинақ құрамы екі, үш немесе төрт сынып жинақтан құралады [6, 163-б.].

Шағын жинақты мектептегі дене тәрбиесі бойынша оқу үдерісінің ерекшелігі – сабақ өткізу үшін әртүрлі сыныптардың балаларын ұйымдастыру болып табылады. Біз зерттеу нысанымыздағы Түркістан облысының «Сауран», Қызылорда облысының «Жаңақорған» аудандарындағы шағын жинақты мектептерінің жалпы білім беретін толық мектептерден өзіндік артықшылықтарын анықтадық (1-сурет). Бұл артықшылықтар аталған мектептердегі бала санының аздығы, сабақ өткізу әдістерін тиімді қолдануға, ата-анамен жұмыс жасаудың жеңілдігі, дарынды оқушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндіктің мол болуы, оқушылардың күнделікті қол еңбегімен айналысып, дене дамуы мен дене дайындықтарының жоғары деңгейде болуы, бұлшық еттерінің үлкен жүктемелерге дайын болуы, табиғат аясында оқу жылының 6 ай мерзімінде сабақ өткізуге қолайлы болуына байланысты. Осы ерекшеліктер дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақты жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндіктер жасайды.

Ал, шағын жинақты мектептердің кемшілік тұстарын арнайы саралау барысында спорт жарыстары мен ұлттық қозғалыс ойындарын өткізуге бала санының жетіспеушілігі, спорт залының жоқтығы, арнайы спорт құрал-жабдықтарының жетімсіздігі, сыныптардың қосылып оқытылатындығы, жақсы мамандардың тұрақтамайтындығы, арнайы әдістемелік оқулықтардың аздығы, мұғалімнің сабаққа дайындалуына көп уақыт жұмсауы, бір мұғалім бірнеше пәннен сабақ беретіндігі және т.б. дене шынықтыру пәніне қатысты бірнеше мәселені анықтадық (2-сурет). Дегенмен, аталған мәселелерді еңсеріп, дене шынықтыру пәнін толыққанды өткізу керек.




1-сурет – Шағын жинақты мектептердің артықшылықтары



2-сурет – Шағын жинақты мектептердің кемшіліктері

Аталған мектептерде дене шынықтыру пәнін жүргізетін мұғалімдермен өзара сұхбаттасу барысында жоғарыда аталған мәселелермен қатар, сабақ өткізу барысында дене тәрбиесі мұғалімінде кездесетін негізгі қиындықтарға көз жеткіздік (3-сурет).



3-сурет – Шағын жинақты мектепте дене тәрбиесі мұғалімінде кездесетін мәселелер

Мұғалімдер негізгі мәселе ретінде сабаққа дайындыққа көп уақыт кететінін, әр сыныпқа бөлек ұзақ мерзімді жоспар (ҰМЖ), орта мерзімді жоспар (ОМЖ), қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) дайындайтынын, спорт түрлерінен жарыстар өткізуге қиындықтар туатынын (оқушылар санының аздығы мен параллель сыныптардың жоқтығы), дене тәрбиесінен оқу-әдістемелік оқулықтар, спорттық құрал-жабдықтар мен дидактикалық материалдардың жетіспеушілігін атап өтті. Біз бұл мәселелерді жан-жақты талдап, курс барысында аталған мектеп мұғалімдерін университеттің профессор-оқытушыларының әр жылдары баспадан шығарған «Шағын кешенді мектептерде дене шынықтыру пәнін жүргізіп, ұйымдастыру» 2007 ж., «Мектепте волейболды өткізу әдістемесі» 2014 ж., «Мектепте баскетболды өткізу әдістемесі» 2014 ж., «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» 2021 ж., «Оқу орындарында спорт секцияларын ұйымдастыру негіздері» 2022 ж., «Дене шынықтыру» 2022 ж., «Спорттық іріктеу негіздері» 2023 ж., «Мектепте ұлттық қозғалыс ойындарын ұйымдастырып, өткізу» 2010 ж. атты оқу құралдарымен және спорттық құрал-жабдықтармен (волейбол, баскетбол, футбол, фугзал доптары, секіртпелер, гимнастикалық төсеніштер, кубиктер, үстел теннисі қалақтары мен доптары) қамтамасыз еттік. Бұл өз кезегінде дене шынықтыру мұғалімдеріне мотивация беріп, сабақты жоғары деңгейде өткізіп, оқушылардың ынта-ықыласын арттыруға үлкен көмек болды.

Біз зерттеу жұмысы барысында шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру сабағын доптармен түрлі жаттығулар жасау, серуендеу, жүгіру, секіру, нысанаға доп лақтыру және т.б. ойындар кезінде бір бөлмеде бір уақытта өткізу үшін мектептің оқу жоспарының кез-келген басқа сабақтарымен байланыстыру мүмкін емес екендігін аңғардық. Бұл мәселе министрлік және облыстық білім басқармалары тарапынан терең зерделеуді қажет етеді.

Қазіргі таңда еліміздегі жалпы білім алатын оқушылардың басым көпшілігі шағын жинақты мектептерде оқитын болғандықтан, спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін, төрешілік

ережелерін жетік меңгерген дене шынықтыру мамандармен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе болып отыр.

Осыған орай, бұл ғылыми мақалада шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру сабағында ұлттық қозғалыс ойындарын жүргізудің тиімді әдістерін ұсыну арқылы дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету бағыттары жан-жақты қарастырылады.

Шағын жинақты мектептер үшін дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету үшін ең алдымен шағын жинақты мектеп жағдайындағы дене тәрбиесінің мазмұны мен ерекшеліктері анықталды және осы анықталған ерекшеліктер негізінде мұғалімнің ойын, жарыс әдістерін қаншалықты деңгейде меңгергені талданып, сәйкесінше ұлттық қозғалыс ойындарды іріктеуге мүмкіндік жасалды. Осы мүмкіндікті пайдаланып оқушылардың дене сапаларын жетілдірудің негізгі бағыттарын талдау арқылы шағын жинақты мектептерде ұлттық қозғалыс ойындарын тиімді өткізудің мәселелері қарастырылды. Нәтижесінде шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру пәнін сапалы жүргізу бағытында әдебиеттерді талдау жұмыстары жүргізілді. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдау барысында шағын жинақты мектептің барлық ерекшеліктерін ескере отырып, бала саны аз сыныптарда ұлттық қозғалыс ойындарды өткізудің әдістемесін оқып-зерттеуге және табуға бағыт-бағдар берді.

Шағын жинақты мектептердегі дене тәрбиесі бағдарламасына вариативті нұсқаны қолдану арқылы ашық спорт алаңында және кең бөлмелер мен дәліздерде өткізуге жеке және жұппен орындалатын ұлттық қозғалыс ойындарын енгіздік. Осы ұсынысымызды тексеру үшін Түркістан облысы Сауран ауданы, С.Қожанов ауылындағы шағын жинақты мектеп пен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Билібай ауылындағы шағын жинақты мектеп базасында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Экспериментке 5-сыныптың, эксперименттік топ (ЭТ, 24 оқушы) және бақылау топтары (БТ, 20 оқушы) қатысты. Эксперименттік және бақылау топтарында сабақтар шағын жинақты мектептің жағдайына сәйкес қойылды. Эксперимент және бақылау топтарында екі оқу жылына жоспарлаған тәжірибе барысында (2021–2022 ж. және 2022–2023 ж.) мазмұны мен ережелері әртүрлі 102 сабақ өткізілді.

Шағын жинақты мектептердегі дене шынықтыру пәніндегі негізгі міндеттердің бірі ұлттық қозғалыс ойын түрлерін таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, өте мұқият жүргізілуі тиіс. Бұл тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін шешудің бірден-бір жолы болып табылады. Мұғалімге әрбір сабақта оқушылардың дене сапаларының (күш, ептілік, жылдамдық, төзімділік, икемділік) барлығын жоғары деңгейге көтеріп, барынша жетілдіру керек. Сонымен қатар, оқу бағдарламасына енгізілген барлық ұлттық қозғалыс ойындарын оқушылардың жасы мен жынысына қарамай жоғары деңгейде барлық сынып оқушыларын қатыстырып жүргізуді естен шығармау қажет.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты С. Жүзеев өзінің ғылыми еңбегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін этнопедагогикалық дәстүрлерді ескере отырып, даярлау тиімді әсер ететінін атап өтеді [7, 3070-б.]. Халықтың еңбек-тұрмыс салтын бейнелейтін ұлттық қозғалыс ойындары балалардың ойынға деген ынта-ықыласын көтеріп, олардан ойындағы күрделі элементтер мен тез шешім қабылдау, досына көмектесу, ұйымдасып әрекет ету қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Мысалы: «Қоға-ай гөк» ойынын келесі нұсқамен өткізсе оқушылардың қызығушылығы артатынын тәжірибе барысында аңғардық [8, 301-б.]:

Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойыншылардың арасынан біреуі «жалмауыз кемпір» рөліне сайланады. Қалған ойыншылар «қаздар» болып саналады да, бір-бірінің белдерінен ұстап тізбек құрады. «Қаздар» кемпірге жақындап:

Қоға-ай гөк,

Гөк, гөк қоға-ай гөк,

Гөк, гөк қоға-ай гөк, - деп әндетеді.

«Жалмауыз кемпір» алдында тұрған «қазға» ине береді де, жоғалтып алма - дейді (ине орнына сіріңкенің шиін қолдануға болады). «Қаздар» әндетіп кейін қайтады, сол кезде «Жалмауыз кемпір»:

Әлгім, әлгім қайда?

Әлгім, әлгім қайда? - деп дауыстайды.

«Қаздар»:

Әлгің, әлгің қайда?

Әлгің, әлгің қайда?

Қалды алыс сайда, - деп әнде жөнеледі.

- А, солай ма, онда ісім сендермен болсын, - деп «жалмауыз кемпір» «қаздарды» ұстап алуға әрекет жасайды.

Ойын барысында әрбір ойыншы «Жалмауыз кемпір» рөлін кезектесіп атқаруға міндетті. Ойынға 6–8 оқушы қатысып, әрқайсысы 5 минуттан «Жалмауыз кемпір» рөлін атқарған жағдайда ойын өте қызықты да тартысты өтеді. Мұғалім ойын соңында жалмауыз кемпір рөлін атқарған қай ойыншы көп «қаз» ұстаса, сол ойыншыны жеңімпаз болғанын жариялайды. Бұл ойынның ерекшелігі жас ерекшелігіне қарамай барлық сыныптың оқушылары бір мезгілде қатыса алады. Ойын барысында балалардың ұйымшылдық, достық қатынастары нығайып, сөйлеу қабілеттері жаттығады. Ал, өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын қалыптастырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады [9, 204-б.].


Мұғалім «Жалмауыз кемпір» рөліне 1–2-сынып оқушыларын да міндетті түрде қатыстыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының барлығы өзінің жүктемеге (жаттығуларға) бейімділігін, ептілігін көрсетіп, әрдайым жылдам болуға тырысып, «Жалмауыз кемпір» рөлін сомдауға ұмтылады. Шағын жинақты мектептерде осындай «Асау мәстек», «Үй артында қол ағаш», «Қарақұлақ», «Атқума», «Қимақ», сияқты ұлттық қозғалмалы ойындарды әртүрлі нұсқамен өткізуге мүмкіндік мол. Бұл ұлттық ойындарды сабақта және сабақтан тыс уақыттарда тиімді өткізсе, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасып, оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болады [10, 83-б.].

Шағын жинақты мектепте мұғалімге дене дайындығы жоғары, белсенді, ойын ережелерін жақсы меңгерген, достарына үлгі бола алатын 3–4-сынып оқушылары ұпайларды санауға, спорттық құралдарды (доптар, орындықтар, серкітпе, кубиктер және т.б.) үлестіруге, құралдарды жинап алуға, қатысушыларды алаңға орналастыруға көп көмегін тигізеді.

Ойындардың мазмұны сан-қырлы бейнелерге бағытталып, ережелері мен нұсқалары әртүрлі болып, бір сарынды (монотонды) емес, сан алуан қимыл-әрекеттермен кезектесіп, жүгіру, секіру, бұрылу, аунау, еңбектеу, өрмелеу, тартылу, лақтыру элементтері көп болған сайын оқушылардың ойынға қызығушылығы мен ынта-жігері де арта түседі. Адам бойында 630-дан астам бұлшық ет топтары болса, олар әр түрлі қимыл-әрекетке, дене жүктемелеріне қатысқанда ғана дамып, жетіледі. Сондықтан оқушылар қимыл-қозғалысқа неғұрлым жас кезінен бастап көп қатысса, соғұрлым бұлшық еттері жетіліп, дене бітімі сұлу да сымбатты болып қалыптасады.

Сонымен қатар, ұлттық қозғалыс ойындарды жас ерекшеліктеріне сәйкес дәл іріктеп, жүйелі түрде өткізсе оқушылар үйретілген қимыл-әрекеттерді жақсы меңгереді. Зерттеу жұмысы барысында ұлттық қозғалыс ойындардың оқушы ағзасына әсер етуін анықтау мақсатында тамырдың соғу жиілігін көрсететін физиологиялық қисықтың (екі оқушы нәтижесі бойынша) сызбасы жасалды. 4–5-суреттерде эксперимент және бақылау топтары

бойынша жүректің соғу жиілігі көрсетілген. Эксперименттік топта ашық ауада ұлттық қозғалыс ойындарымен өткізілген сабақтар бақыланды. Сабақтың кіріспе-дайындық бөлімінде орында тұрып және жүгіру, секіру, өрмелеу, тасымалдау, лақтыруға бағытталған қозғалыс ойындар орындалды. Бақылау тобындағы жеңіл атлетика бойынша өткізілген сабақ (жылдамдықпен жүгіру, спорт алаңындағы кіші допты лақтыру жаттығулары және т.б.) қадағаланды.




4-сурет – Эксперимент тобы бойынша ашық ауадағы сабақтың орташа физиологиялық қисығы

Эксперимент тобы бойынша 4-суретте көрсетілген дене шынықтыру сабағының орташа физиологиялық қисығын талдайтын болсақ, сабақтың кіріспе-ұйымдастыру бөлімінде тыныштық қалыпта оқушылардың жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ) 80 рет соғып, қалыпты жағдайды көрсетті. Дайындық бөлімінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес буын бұлшық еттерін қыздыру мен жылдамдықты дамытатын ойындарды өткізіп, жүктемені біртіндеп көтеру нәтижесінде ЖСЖ 175-ке дейін көтерілді. Сабақтың негізгі дамыту бөлімінде жаңа ойындарды түсіндіру барысында ЖСЖ 130-ға дейін төмендеді. Бұл жаңа ойын ережесін түсіндіру барысында оқушылар демалыс алып, тынығуымен түсіндіріледі. Ал, 16–40 минут аралығында күшті және шыдамдылықты дамытатын ойындарды өткізіп, жүктемені біртіндеп ұлғайту барысында ЖСЖ біртіндеп 180-ге дейін көтерілді. Бұл дене жүктемесінің оқушыларға дұрыс жүргізілгенін көрсетеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде 40-шы минуттан бастап біртіндеп тынысты қалпына келтіретін ойындар жүргізіліп, 45-ші минутта ЖСЖ қалыпты жағдайға келді. Бұл физиологиялық қисық арқылы сабақ жүктемесі мен тығыздығының жоғары деңгейде жүргізілгенін көруімізге болады.

Ал, бақылау тобында дәстүрлі бағдарламамен жүргізілген жеңіл атлетика сабағында біз зерттеу жүргізген оқушының ЖСЖ, 5-суретте көрсетілгендей, құбылмалы болды. Бұл өзгерістер дене жүктемелері мен дене жаттығуларының арасында демалыс уақытының көп болуымен және сабақ жүктемесі мен тығыздығын дұрыс сақтамауынан болып отыр.

Жүргізілген эксперимент нәтижелерінен көріп отырғанымыздай дене шынықтыру сабағын өткізу барысында кіріспе-ұйымдастыру бөлімінен бастап дене жүктемелері мен тынығуды тиімді алмастырып отыру сабақтың сапасы мен тығыздығына жақсы әсер ететінін көреміз. Ал, сабақ барысында дене жүктемелерінің бала ағзасына әсерін есепке алмай, сабақтағы жүктемені тек бір бағытта жүргізу сабақ жүктемесі мен тығыздығының төмендеуіне және оқушылардың дене шынықтыру пәніне қызығушылығының бәсеңдеуіне

әкеледі. Осы мәселені әрбір дене шынықтыру мұғалімі сабақ өткізу барысында міндетті түрде назарға алып отыру тиіс деп санаймыз.



5-сурет – Бақылау тобы бойынша сабақтың жеңіл атлетика бөлімінің физиологиялық қисығы

Екі жыл жүргізілген тәжірибе жұмысының қорытындысы бойынша эксперимент жүргізілген бастауыш сынып оқушылары орта сыныпқа ауысқаннан кейін эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың дене дайындықтарындағы өзгерісті анықтау мақсатында оқу жылының басы мен соңында, 1–2-кестелерде көрсетілгендей, бақылау жаттығулары бойынша нормативтер қабылдадық (1–2-кестелер).

1-кесте – 5-сыныптағы қыз балалардың дене дайындығының өзгерісі (қыркүйек 2022 ж. – мамыр 2023 ж.). Эксперимент тобы, n=24

№	Бақылау жаттығулары	Көрсеткіштер							
		тобы	бастапқы		соңғы		өсу	p	
			x	s	x	s			
1	6 минут жүгіру (м)	Ә	1034,3	20,9	1196,8	22,4	162,5	<0,05<	
		Б	1053,9	26,2	1138,7	25,3	0,19	0,05	
2	30 метрге жүгіру (сек)	Ә	5,94	0,07	5,48	0,07	0,46	<0,05<	
		Б	5,89	0,06	5,70	0,07	0,19	0,05	
3	Белтемірге жатып тартылу (саны)	Ә	7	0,8	14	0,9	7	<0,01<	
		Б	8	0,9	11	1,1	3	0,05	
4	Орнында тұрып ұзындыққа секіру	Ә	141,3	2,2	155,4	2,1	14,1	<0,05	
		Б	1,41,6	2,7	148,7	2,2	7,1	<0,05	
5	Теннис добын лақтыру (150 гр) /м/	Ә	14,8	0,6	19,8	0,9	5,0	<0,01	
		Б	15,1	0,7	18,2	1,2	3,1	<0,05	
6	Қол күшін анықтау (динамометрия) /кг/ Оң қол	Ә	21,1	20,9	0,8	28,2	0,7	7,1	<0,01<
		Б			1,1	23,8	0,9	2,9	0,05
		Сол қол	Ә	18,4	0,9	24,1	0,8	5,7	<0,01<
		Б	18,6	0,7	20,7	0,9	2,1	0,05	

2-кесте – 5-сыныптағы ер балалардың дене дайындығының өзгерісі (қыркүйек 2022 ж. – мамыр 2023 ж.). Бақылау тобы, n=20

№	Бақылау жаттығулары	Көрсеткіштер						p
		тобы	бастапқы		соңғы		өсу	
			x	s	x	s		
1	6 минут жүгіру (м)	Ә	1124,3	28,4	1287,6	29,4	163,3	<0,01
		Б	1117,7	30,2	1200,4	27,8	82,7	<0,05
2	30 метрге жүгіру (сек)	Ә	5,81	0,06	5,42	0,07	0,39	<0,05
		Б	5,82	0,05	5,64	0,07	0,18	<0,05
3	Белтемірге жатып тартылу (саны)	Ә	2	0,4	6	0,5	4	<0,01
		Б	2	0,4	4	0,5	2	<0,05
4	Орнын да тұрып ұзындыққа секіру	Ә	156,8	3,9	177,4	3,2	20,6	<0,01
		Б	154,7	4,1	164,8	2,9	10,1	<0,05
5	Теннис добын лақтыру (150 гр) /м/	Ә	29,3	1,8	38,6	1,4	9,3	<0,01
		Б	28,7	1,4	32,1	0,8	3,4	<0,05
6	Қол күшін анықтау (динамометрия) /кг/ Оң қол	Ә	23,7	0,8	31,8	0,9	8,1	<0,01
		Б	24,1	0,7	27,3	1,1	3,2	<0,05
	Сол қол	Ә	18,9	0,7	26,1	0,8	7,2	<0,01
		Б	19,3	0,7	22,4	0,9	3,1	<0,05

Кестедегі мәліметтерден бақылау жаттығуларындағы көрсеткіштердің эксперименттік топтың қыздарында және ер балаларында да жоғары болғанын көреміз. Әсіресе, күш (тартылу, қол күшін өлшеу) және төзімділік (6 минут жүгіру) көрсеткіштерінде ілгерілеу байқалды. Күш-жылдамдық көрсеткіштерінде де алға жылжу тіркелді, бұл өз кезегінде эксперименттік топта күш жүктемесінің біршама жоғарылағанымен түсіндіріледі.

Қорытынды

Зерттеу қорытындысы бойынша шағын жинақты мектептердің мүмкіндігін ескеріп, дене шынықтыру сабағына арналып жасалынған ұлттық қозғалыс ойындарын тиімді өткізуге арналған әдістеменің жақсы нәтиже бергенін және оны жалпы орта мектептерде де пайдалануға болатынын зерттеу нәтижелері көрсетті.

Сан алуан ұлттық қозғалыс ойындарымен өткізілген дене шынықтыру сабақтары оқушылардың қимыл дағдыларын жан-жақты қалыптастырып, жаңа қимыл-әрекеттерге бейімділігі мен күрделі жаттығуларды орындай білуге негіз болады. Атап айтқанда, бастауыш сынып оқушыларымен өткізілетін ұлттық қозғалыс ойындарын гимнастика мен жеңіл атлетика элементтері басым ойындармен тығыз ұштастырып өткізгенде орта сыныптарда кездесетін неғұрлым күрделі қимыл-әрекеттерді меңгеруге және спорттық ойындармен белсенді шұғылдануға көмектесетінін тәжірибе нәтижелері көрсетті.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі және ұлттық қозғалыс ойындарын түрлі әдістер мен нұсқалар бойынша өткізуге бағытталған әдістемені болашақ дене шынықтыру және спорт саласының мамандары, шағын жинақты мектептерде жұмыс жасап жатқан дене шынықтыру мұғалімдері көмекші құрал ретінде қолдана алады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесін республиканың барлық шағын жинақты мектептерінде қолдануға болады. Өйткені, біз барлық шағын жинақты мектептердің дене шынықтыру пәнін ұйымдастырып, өткізу барысында кездесетін мәселелерді, ғылыми әдебиеттер мен осы тақырып аясында жазылған ғылыми мақалаларды, Халықаралық, республикалық деңгейде өткізілген ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар материалдарын талдап, саралап айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екендігіне көз жеткіздік.

Ең басты мәселе, ШЖМ-ге оқу-әдістемелік және материалдық (спорттық құрал-жабдықтар) тұрғыдан көмектің аздығында. Біз зерттеу жүргізген мектептерге оқу-әдістемелік құралдары мен спорттық жабдықтармен қолдау көрсеттік. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің дене шынықтыру сабағын жоғары деңгейде өткізуге, түрлі әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға оң әсер етті. Сонымен қатар, дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастырып, тәжірибе алмасулар арқылы әдістемелік көмек көрсету қордаланған мәселелерді тиімді шешуде үлкен қолдау болатынына көз жеткіздік. Алдағы уақытта бұл жұмыстың аясын кеңейтіп, басқа да ШЖМ өткізіп, әдістемелік қолдау көрсетуді жоспарлап отырмыз. Біздің зерттеу нысанымызда қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды деп айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (қаралған күні 13.11.2023)
2. Қайратұлы Б. Ауыл алаңынан – Олимпиада тұғырына // Егемен Қазақстан. – 2022, 06 желтоқсан. – Б. 10.
3. Мұхамеджанов Б.Қ., Сейдахметов Е.Е. Жалпы орта мектеп дене тәрбиесі мәні туралы ғылыми-педагогикалық көзқарастар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111). – Б. 159–166.
4. Аймағамбетов А.Қ. Еліміздің қай өңірінде мұғалімдер жетіспейді: Қазақстан педагогтарының сөзінде сөйлеген сөзі // Ізденіс КЗ. – 2021. – №3 (75). – Б. 158.
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V ҚРЗ «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (қаралған күні 13.11.2023)
6. Есіркепов Ж.М. Шағын кешенді мектептердегі оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылығын қалыптастыру жолдары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №3/1. – Б. 163–166.
7. Zhuzeyev S., Zhailauova M., Abuova A., Koizhibayev M., Aidarov O., Maigeldiyeva Z. Professional training of future primary school teachers based on ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – №17 (9). – P. 3067–3077.
8. Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 330 б.
9. Ахмедов Б.А., Абилдаев А.К., Мухамеджанов Б.К. Дене мәдениетінің жеке тұлғаның дамуындағы маңызы туралы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №2 (116). – Б. 200–211.
10. Есіркепов Ж.М. Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №8/2. – Б. 82–86.

REFERENCES

1. «Qazaqstan Respublikasynyn auylidyq aumaqtaryn damytudyn 2023–2027 jyldarga arналған tujyrymdamasy turaly» QR Ukimetinин 2023 jylygy 28 nauryzdagy №270 qaulysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 270 “On the concept of development of rural territories of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027”]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (date of access 13.11.2023) [in Kazakh]
2. Qairatuly B. Auyl alanyнан – Olimpiada tugyryna [From the village square – to the Olympic pedestal] // Egeмен Qazaqstan. – 2022, 06 jeltosqan. – B. 10. [in Kazakh]
3. Muhamedjanov B.Q., Seidahmetov E.E. Jalpy orta mektep дене tarbiesi mani turaly gylymi-pedagogikalyq kózqarastar [Scientific and pedagogical views on the essence of general Secondary School Physical Education] // Iasauи universitetinin habarshysy. – 2019. – №1 (111). – B. 159–166. [in Kazakh]

4. Aimagambetov A.Q. Elimizdin qai onirinde mugalimder jetispeidi [In which regions of the country there is a shortage of teachers]: Qazaqstan pedagogtarynyn siezinde soilegen sozi // Izdenis KZ. – 2021. – №3 (75). – B. 158. [in Kazakh]
5. Qazaqstan Respublikasynyn 2014 jylgy 3 shildedegi №228-V QRZ «Dene shynyqtyru jane sport turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 228-V KR “On Physical Culture and sports”]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (date of access 13.11.2023) [in Kazakh]
6. Esirkepov J.M. Shagyn keshendi mektepterdegi oqushylardyn dene tarbiesi men sportqa qyzygushylygyn qalyptastyru joldary [Ways to form students' interest in physical education and sports in small comprehensive schools] // Qazaqstannyn gylomy men omiri. – 2020. – №3/1. – B. 163–166. [in Kazakh]
7. Zhuzeyev S., Zhailauova M., Abuova A., Koizhibaev M., Aidarov O., Maigeldiyeva Z. Professional training of future primary school teachers based on ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – №17 (9). – P. 3067–3077.
8. Alimhanov E. Qazaqtyn ulttyq halyq ойындары мен спорттың теориялық және педагогикалық негіздері [Theoretical and pedagogical foundations of Kazakh national folk games and sports]: monografia. – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. – 330 b. [in Kazakh]
9. Ahmedov B.A., Abildaev A.K., Muhamedjanov B.K. Dene madenietinin jeke tulganyn damuyndagy manyzy turaly [On the importance of Physical Culture in the development of personality] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №2 (116). – B. 200–211. [in Kazakh]
10. Esirkepov J.M. Shagyn keshendi auyl mektepterinde dene tarbiesinen synyptan tys jumystardy uymdastyru erekshelikteri [Features of the organization of extracurricular activities in physical education in small complex rural schools] // Qazaqstannyn gylomy men omiri. – 2019. – №8/2. – B. 82–86. [in Kazakh]